КЕЛІСЕМІН:
СОГЛАСОВАНО:
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ
«Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин атындағы мектебі-лицей» КММ

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

_____ Рахимберлина Л.К.
_____ Фомина К.Ю
_____ Мейірбекова Қ.С
«27» января 2026 ж.

БЕКІТЕМІН:
УТВЕРЖДАЮ:
Директор
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ
«Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин атындағы мектебі-лицей» КММ

_____ Т.К. Билялова
«27» января 2026 г.

Тәрбие жұмысының жоспары
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Шал ақын ауданының білім бөлімі»
КММ «Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин атындағы мектеп-лицей» КММ
2026-2027 оқу жылы

План воспитательной работы по реализации программы «Адал Азамат»
КГУ «Школа-лицей имени Героя Социалистического Труда Есима Шайкина»
КГУ «Отдел образования района Шал акына»
КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»
на 2026-2027 учебный год

«АДАЛ АЗАМАТ» ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ
2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫ

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ұлт» тұжырымдамасы негізінде

КІРІСПЕ

2024 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында ел дамуына қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашағын ол «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ұлт» үшбірлік тұжырымдамасы арқылы сипаттады.

Үшбірлік тұжырымдама – бұл заң мен тәртіпті сақтау саясатымыздың іргелі принципіне айналатын, күшті демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекет құру шартын айқындайтын өзара байланысты әрі бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Сондай-ақ ол елді жаңғырту мен одан әрі дамытудың стратегиялық бағытын белгілейді.

Бұл адал азаматтар өздерінің қажырлы еңбегімен ел дамуына үлес қосып, баршаға бірдей мүмкіндіктер қоғамын қалыптастырғанда ғана мүмкін болады. Өсіп келе жатқан ұрпақты рухани-адамгершілік құндылықтар рухында тәрбиелеу барлық кезеңдерде өзекті. Біздің болашағымыз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуі және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осы контекстте жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Ол балалар мен жастар бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби құзыреттілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған, бұл өз кезегінде адал еңбек пен қоғамдық игілікті бірінші орынға қоятын адал әрі әділ азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ал «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құруға бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастар бойында тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіпті құрметтеу құндылықтарын дамыту қажет.

«Озық ұлт» идеясы өзгерістерге бейімделе алатын және инновациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын, балалар мен жастардың білімге ұмтылысын, шығармашылық және инновациялық ойлауын, кәсіби дамуын, сондай-ақ бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамытатын халықты қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын азаматтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ұлт» үшбірлік тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізін құрайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдер негізінде білім алушының тұлғасын қалыптастыруға бағытталған негізгі мақсаттар мен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өсіп келе жатқан ұрпақпен тікелей байланысты екенін атап өтіп, олардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу міндетін қойды. Балаларды тәрбиелеу ісіндегі негізгі бағдарлар ретінде ол ұлттың жаңа бейнесін қалыптастыратын құндылықтарды белгіледі:

- Тәуелсіздік және патриотизм
- Бірлік және ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және жаңашылдық

Ұлттың болашағы балалар мен жастарға қандай құндылықтар дарытылатынына байланысты, сондықтан өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: Қазақстан мәдениетінің құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, адамгершілік пен адалдықты, ар-намыс пен ұжданды, рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген гармониялы дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-намыс, қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды тәрбиелеу.

2. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Өз елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
- Өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындықты дарыту;

- Әлеуметтік маңызды қызметке белсенді қатысуды тәрбиелеу.

3. Адамгершілік пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқа адамдармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікті, этика нормаларын сақтауды тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуді дарыту;
- Еңбекқорлықты және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысты қалыптастыру;
- Өзгелердің еңбегі мен мүлкіне құрметпен қарауды тәрбиелеу.

4. Білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны оқыту мен тәрбиелеуде жеке және сараланған тәсілді қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климатты қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне отбасын тарту.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Білім алушылардың құндылықтарын дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі шеңберінде жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл міндетті жүзеге асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы жүргізіледі.

Ай сайынғы тұрақты іс-шаралар білім алушылардың тұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- Тәуелсіздік және Патриотизм
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсібилік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Құндылықтарды қалыптастыру бойынша жүйелі әрі кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күнделікті және апта сайын жүзеге асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» –** үзілістерде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру: асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- **«Өнегелі 15 минут» –** ата-аналардың баламен мінез-құлық пен адамгершілік туралы що күнделікті жеке әңгімелесуі (15 минут).
- **«Үнемді тұтыну» –** жадынамалар, нұсқаулықтар мен буклеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия т.б.) ұқыпты қарауды және суды, тамақты, энергияны, табиғи байлықтарды үнемді пайдалану әдетін қалыптастыру.
- **«Күй күмбірі» –** қоңырау орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

АПТА САЙЫН:

- **«Менің Қазақстаным» –** оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.
- **Апта цитаталары –** ұйымның бүкіл оқу және сыныптан тыс қызметінің лейтімотиві болатын мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы мен ұлы тұлғалардың айтқан сөздері. Апта цитаталары ақпараттық стендтерде, LED-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы» –** сынып сағаты шеңберінде жол жүрісі ережелері, өмір қауіпсіздігі негіздері, білім алушылардың жеке қауіпсіздігі, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. туралы 10 минуттық ақпарат беру және әңгімелесу.

Апта сайынғы сынып сағаттары шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сынып сағаттарының мазмұнына мынадай профилактикалық іс-шаралар кіреді:

- «Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадам»;
- «Өзіңді буллингтен қорға!»;
- «Ойынға салауатты көзқарас»;
- «Өмірге салауатты қадам»;
- «Қоғамдық мүлікті қорға!»;
- «Қауіпсіз қоғам».
- **«Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадам» профилактикалық іс-шарасы шеңберінде:** Сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена және медиасауаттылықты дамыту мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдардың мамандарымен бірлесіп пікірталастар мен кездесулер өткізу ұсынылады.
- **«Өзіңді буллингтен қорға!»:** Сынып сағаттарында «Өзіңді буллингтен қорға!» профилактикалық іс-шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Ол білім алушылардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және жанжалды жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен тренингтер мен кейс-сессиялар өткізуді көздейді.
- **«Дене шынықтыру жаттығуы» -** білім беру жүйесіндегі денсаулық сақтау тәсілі.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары түлектерінің құндылықтары мен негізгі құзыреттіліктері қалыптасады және дамиды деп күтілуде.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР БОЙЫНША ТҮЛЕК БЕЙНЕСІ

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Құзыреттілік: Ұлттық мүдделерді дамыту

1–4 сыныптар:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерді құрметтеу және өз еліне деген сүйіспеншілікті көрсету;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасы құндылығын түсіну;
- тарихи мен мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

5–8 сыныптар:

- Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарау;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздері мен ұлттық мерекелеріне құрметпен қарау;
- азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттік тілді меңгеру;
- волонтерлік қызметке және Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау мен насихаттау жөніндегі жобаларға қатысу;
- түрлі ұлт өкілдеріне құрметпен қарау;
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

9–11 сыныптар:

- халқымен/мемлекетпен бірлікті және өз елінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлері мен мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді еркін меңгеруге және оны белсенді пайдалануға ұмтылу;
- ұлттық және әлемдік мәдениетті тану құралы ретінде білім алуға орнықты қызығушылық;
- Отанды қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің суверенитеті мен ар-намысын негізді түрде қорғай білу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

Құзыреттілік: Тиімді коммуникация

1–4 сыныптар:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп әрекет ету;
- өз жұмысына мұқият болу және басқаларға көмектесу;
- басқаларды құрметтеу және олардың ерекшеліктеріне төзімділікпен қарау;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш-жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

5–8 сыныптар:

- қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орната білу және сыныпта позитивті атмосфераны сақтау;
- тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
- бірлескен әрекеттер мен өзара әрекеттесу кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдеріне құрметпен қарау;
- қоршаған ортамен позитивті қарым-қатынас құра білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

9–11 сыныптар:

- әлеуметтік, іскерлік және ресми контекстте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
- ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
- басқа адамдардың сезімдері мен эмоционалдық күйін түсіну;
- қоғамдық міндеттерді орындау және қоғам игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау;
- басқаларға көмектесуге және мектептік әрі мектептен тыс іс-шаралар, сондай-ақ волонтерлік жұмыс шеңберінде қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құзыреттілік: Қоғамға қызмет ету

1–4 сыныптар:

- шындықты айту;
- достықта адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік пен әділетсіздікті ажырату;

- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікке ұқыпты қарау.

5–8 сыныптар:

- өз іс-әрекеттерін жоспарлау және ұйымдастыру;
- этика нормаларына сәйкес өзінің және өзгелердің іс-әрекеттерін талдау;
- оқу тапсырмаларын орындау кезінде табандылық таныту;
- бірлескен істі орындау үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
- басқаларға көмектесуге және мейірімділік танытуға дайын болу.

9–11 сыныптар:

- нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, дискриминациясыз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету принциптерін басшылыққа алу;
- әрбір адамның еңбегі мен қадір-қасиетін әділ бағалау, тұлғаны құрметтеу және қарым-қатынаста сыпайы болу принциптерін басшылыққа алу;
- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды әрі үнемді пайдалану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оларға сәйкес әрекет ету;
- тапсырмаларды жоспарланған мерзімдерге сәйкес уақытылы және жоғары сапамен орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Құзыреттілік: Азаматтық борыш және адалдық

1–4 сыныптар:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, этика нормаларын, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік ережелерін, соның ішінде жол жүрісі ережелерін білу және сақтау;
- қауіптердің алдын алу және мәселелерді шешу үшін анықталған немесе белгілі қауіптер туралы педагогтерге немесе ата-аналарға хабарлау;
- дискриминация мен қуғын-сүргіннің кез келген нысандарынан аулақ бола отырып, педагогтер мен сыныптастардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

5–8 сыныптар:

- құқықтық жүйе негіздерін және адам құқықтарын білу;
- тәртіпті, әділдікті, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
- қоғамды қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын ұғыну.

9–11 сыныптар:

- қоғамдық игілік үшін күнделікті жағдайларда өз ойларын, эмоциялары мен мінез-құлқын бақылау, белгіленген ережелер мен процедураларды сақтау, үйлесімді әлеуметтік қарым-қатынастарды қолдау;
- моральдық принциптер мен нормаларды, оқу және танымдық қызметте адал мінез-құлықты сақтау;
- тұрақты даму принциптерін өмір салтына енгізу, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды ұтымды тұтыну.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСИБИ БІЛІКТІЛІК

1–4 сыныптар:

- мамандықтардың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өзіне-өзі қызмет көрсету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- қажетті үй және оқу міндеттерін жүйелі, ұқыпты және сапалы орындау;
- нәтижеге жету үшін мақсат қою және оларға жетуді жоспарлау, ұйымдастыру және ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін ынтамен жұмыс істеу.

5–8 сыныптар:

- өз еңбегінің және өзгелердің еңбегінің нәтижелерін бағалай білу;
- түрлі мамандықтарды және олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
- өз уақытын тиімді жоспарлау және кез келген қызметте нәтижеге жету үшін күш салу;
- еңбек қоғамдық өмірдің және табыстың негізі екенін түсіну;
- жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жеке траекториясы мен өмірлік жоспарларын саналы түрде таңдауға және қалыптастыруға дайын болу.

9–11 сыныптар:

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін академиялық және техникалық негіздер, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімі болуы;
- өзін-өзі ұйымдастыра білу, басымдықтарды белгілеу және жұмыс уақытын жоспарлау;
- нәтижелерге жету және оларды жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
- еңбек этикасын және сапа стандарттарын түсіну;
- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: Креативтілік

1–4 сыныптар:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған деректер негізінде қорытынды жасау;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды тәжірибеде қолдану;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
- жаңа әдістер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз іс-әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарларын түсіну.

5–8 сыныптар:

- тапсырмаларға шығармашылықпен қарау және өз идеялары мен шешімдерін ұсыну;
- өз бетінше әрекет ету және жобаларды жүзеге асыру;
- бақылаулар, өлшеулер, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
- модельдеу, танымдық объектілердің құрылымын анықтау, тұтас заттың әртүрлі бөліктері арасындағы байланыстарды іздеу және анықтау, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды орнату;
- оқу міндеттерін шешудің оңтайлы әдістерін табу, жаңа тәсілдерді қолдану және стандартты емес міндеттерді шешу үшін таныс алгоритмдерді біріктіру;
- әр түрлі танымдық құралдарды қолдану, әлем туралы білімді жинақтау (тілдік, оқырмандық, ақпараттық, цифрлық дағдылар).

9–11 сыныптар:

- зерттеулер жүргізу және ғылыми әдістерді қолдану қабілеті;
- ақпаратты талдау және бағалау;
- жаңа идеяларды ұсыну;
- заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
- мақсаттарға жету үшін бастамашылық таныту, жаңа мүмкіндіктерді іздеу және идеяларды жүзеге асыру кезінде ресурстарды тиімді пайдалану.

АПТА ЦИТАТАЛАРЫ (АЙЛАР БОЙЫНША)

• Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсібилік

- «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына. (Мұзафар Әлімбаев)»
- «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»
- «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)»
- «Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)»

- Қазан – Тәуелсіздік және патриотизм
  - «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»
  - «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»
  - «Отанды сүю – отбасынан басталады!»
  - «Отаным – алтын бесігім!»
- Қараша – Әділдік және жауапкершілік
  - «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»
  - «Тура биде туған жоқ!»
  - «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»
  - «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»
- Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ
  - «Бірлігі күшті ел озады»
  - «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»
  - «Бірлік болмай тірлік болмас»
  - «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»
- Қаңтар – Заң және тәртіп
  - «Талап бар жерде тәртіп бар»
  - «Тәртіп – тәрбие бастауы»
  - «Әділ заң – аспан тірегі»
  - «Тәртіпсіз ел болмайды»
- Ақпан – Жасампаздық және жаңашылдық
  - «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»
  - «Шығармашыл бала – ойлы бала»
  - «Өнерлі бала өрге жүзер»
  - «Жаңашылдық – заман талабы»
- Наурыз – Тәуелсіздік және патриотизм
  - «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің... (Б. Момышұлы)»
  - «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»
  - «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»
  - «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

• Сәуір – Еңбекқорлық және кәсібилік

- «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)»
- «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)»
- «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»
- «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

• Мамыр – Бірлік және ынтымақ

- «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»
- «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»
- «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)»
- «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. (Күлтегін)»

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ДАТАЛАР

- **Қыркүйек айы:** Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 155 жыл (1872 – 1937)
- **Қазан айы:** Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл (1936 – 2011)
- **Қараша айы:** Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл (1841 – 1889)
- **Желтоқсан айы:** Сайын Мұратбековтің туғанына 90 жыл (1936 – 2007)
- **Қаңтар айы:** Мұхтар Шахановтың туғанына 85 жыл (1942 – 2026)
- **Ақпан айы:** Мұхтар Әуезовтің туғанына 130 жыл (1897 – 1961) / Ш. Уәлихановтың туғанына 190 жыл
- **Наурыз айы:** Төлеген Айбергеновтің туғанына 90 жыл (1937 – 1967)
- **Сәуір айы:** Ғабит Мүсіреповтің туғанына 125 жыл (1902 – 1985)

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы;

- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғанысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы;
- «Неке (супружество) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 Қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың территорияларына әкелуге тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;
- «Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы қорлаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР МОНИТОРИНГІ

№	Сынып жетекшісінің Т.Ә.Ж.	Сыныбы	Жалпымектептік іс-шаралар
1	Китушина А.М.	11А	Білім күні, Мұғалімдер күні, Соңғы қоңырау
2	Савинова В.В.	11Б	Білім күні, Мұғалімдер күні, Соңғы қоңырау
3	Брайнингер Д.И.	10Б	8 наурыз, Республика күні
4	Шаймерденова И.А.	10А	Наурыз, Тілдер апталығы
5	Қанатова О.С.	9А	Күзгі бал, Жаңа жыл
6	Ұзақов Т.М.	9Б	7 мамыр, Тәуелсіздік күні
7	Габбасова Р.К.	8А	Тілдер апталығы, 9 мамыр
8	Тулебаева А.А.	8Б	Қарттар күні, 1 мамыр
9	Титовская Т.Ю.	7А	8 наурыз, Тілдер апталығы
10	Жусупбекова Ж.С.	7Ә	Наурыз, 9 мамыр
11	Ганжа И.В.	7Б	7 мамыр, Жаңа жыл
12	Минакова Н.Н.	6А	Республика күні, Жаңа жыл
13	Саруарова М.Е.	6Ә	Тәуелсіздік күні, Наурыз
14	Ефимов А.В.	6Б	9 мамыр, 1 мамыр

15	Аскарова А.М.	6В	Қарттар күні, Тілдер апталығы
16	Козыбаева К.А.	5А	Күзгі бал, 8 наурыз
17	Казияқбар А.М.	5Ә	Тілдер апталығы, Жаңа жыл
18	Кособокова Н.О.	5Б	Наурыз, Республика күні
19	Ескендирова Г.С.	4А	Тәуелсіздік күні, 1 мамыр
20	Мейірбекова Қ.С.	4Ә	Күзгі бал, 9 мамыр
21	Дукенбаева А.С.	4Б	Республика күні, Жаңа жыл
22	Вайс В.В.	3А	Тәуелсіздік күні, 8 наурыз
23	Тоқтамысова Г.Қ.	3Ә	Наурыз, Қарттар күні
24	Зикрина К.А.	3Б	Күзгі бал, 7 мамыр
25	Холина М.П.	2А	Күзгі бал, Наурыз
26	Габбасова Г.С.	2Ә	Республика күні, 1 мамыр
27	Коренная В.А.	2Б	Жаңа жыл, 7 мамыр
28	Кригер Н.М.	1А	Білім күні, 8 наурыз
29	Кикбаева А.К.	1Ә	Білім күні, 1 мамыр
30	Секретова Н.А.	1Б	Білім күні, 9 мамыр

31	Баймуратова Д.Ж.	МДТ-А	Жоспар бойынша барлық іс-шаралар
32	Аубакирова Н.Б.	МДТ-Ә	Жоспар бойынша іс-шаралар
33	Рустенова А.И.	МДТ-Б	Жоспар бойынша барлық іс-шаралар

АЙЛАР БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ПЕН КӘСИБИЛІК АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	1 қыркүйек – «Білім күні»: «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»	Салтанатты іс-шара / #Bilim_quni хэштегімен сайтқа ақпарат	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Л.Қ. Рахимберлина, К.Ю. Фомина, Қ.С. Мейірбекова, сынып жетекшілері	1 қыркүйек
2	«Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»	Біртұтас сынып сағаты (1–11 сыныптар)	1–11 сынып жетекшілері	1 қыркүйек
3	«Болашақ мамандықты қалай таңдау керек»	Кәсіптік бағдарлау сабағы (9–11 сыныптар)	Д.Ж. Баймуратова	Қыркүйек
4	Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен танысу. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері	Әңгімелесу	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Л.Қ. Рахимберлина, Қ.С. Мейірбекова, 1–11 сынып жетекшілері	2 қыркүйек

5	«Жас сарбаз» клубының отырысы	Отырыс	А.Ф. Китушин	4 қыркүйек
6	«Мен кітаппен әлемді ашамын»	Кітапхана сабағы	А.Е. Аманова	4 қыркүйек
7	«Үш тіл – бірлік тілі» (А. Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Жалпымектептік іс-шара (1–11 сыныптар)	Қазақ, орыс, ағылшын тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ӘБ	05.09–18.09.2026 ж.
8	«ДосболLike: Буллингтің алдын алу» республикалық бағдарламасын жүзеге асыру	Акция	К.Ю. Фомина, И.А. Ткаченко (педагог-психолог)	5 қыркүйек
9	АҚДОР жобасын жүзеге асыру: - Тайм-менеджмент және өзін-өзі ұйымдастыру - «АДАЛ АЗАМАТ» бағдарламасымен танысу	Жалпымектептік ата-аналар жиналысы (1–11 сыныптар)	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйек
10	Отбасы күні / Аналар күні / Еңбек күні	Бөлек жоспар бойынша	Жоспар бойынша жауаптылар	Апта ішінде
11	Сынып сағаты: «Отбасылық құндылықтар» / «Семья и семейные ценности». Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	7 қыркүйек
12	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Бөлек жоспар бойынша	Жоспар бойынша жауаптылар	07–13 қыркүйек
13	АҚДОР жобасын жүзеге асыру: «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»	Челлендж	Д.Ж. Баймуратова, Н.Б. Аубакирова, А.И. Рустенова	12 қыркүйек
14	МӨҚБ жобасын жүзеге асыру: «Денсаулық – менің таңдауым»	Саптық жиын	Л.Қ. Рахимберлина	15 қыркүйек

15	«ДосболLike» республикалық бағдарламасын жүзеге асыру: Сынып сағаты: «Өзіңді буллингтен қорға!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	15 қыркүйек
16	Сынып сағаты: 1. «Еңбек – табыс негізі» (1–4 кл) 2. «Бүгінгі еңбек – ертеңгі мүмкіндіктер» (5–8 кл) 3. «Мамандық пен еңбек – болашаққа жол» (9–11 кл) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	21 қыркүйек
17	«Қамқор» жобасын жүзеге асыру: «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы	Сенбілік, таза бейсенбі	Мектеп ұжымы, ата-аналар, білім алушылар	24 қыркүйек
18	Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес отырысы	Отырыс	Мектеп әкімшілігі, К.Ю. Фомина, И.А. Ткаченко	Қыркүйек

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ПАТРИОТИЗМ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «Аға буын – құндылықтарымыздың сақтаушысы» (1–4 кл) «Аға буын – даналық, тәжірибе және өнеге» (5–11 кл) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	28 қыркүйек
2	Халықаралық Қарттар күніне арналған іс-шара	Жалпымектептік	Муз. жетекшілері И.Н. Сальникова, А.А.	1 қазан

		мерекелік концерт	Султанова, сынып жетекшілері А.А. Тулебаева, А.М. Аскарова, Г.Қ. Тоқтамысова	
3	«Қамқор» жобасы: «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызметі	Жалпымектептік волонтерлік акция	Аға тәлімгер Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	1–10 қазан
4	«Ойынға салауатты көзқарас» (лудоманияның алдын алу): «Қоғам және әлеуметтік желілер. Кибербуллингтің салдары». IT-маманмен сұхбат	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина, И.А. Ткаченко	Қазан
5	Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» іс-шарасы	Жалпымектептік мерекелік концерт	Муз. жетекшілері, 11А, 11Б сынып жетекшілері А.М. Китушина, В.В. Савинова	05.10.2026 ж.
6	«Шабыт» жобасы: «Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	02–05 қазан
7	Психологиялық денсаулық онкүндігі	Онкүндік	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина, Т.Н. Ткаченко, сынып жетекшілері	Қазан
8	Сынып сағаты: «Цифрлық әлем: қауіпсіздік жауапкершіліктен басталады» (1–11 кл) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	5 қазан
9	«Темекі шегу / вейп алдын алу» профилактикалық жұмысы	Профилактикалық іс-шара (7–11 кл)	Әлеуметтік педагогтер, құқық қорғау органдары	Қазан

10	Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 5–7 сынып жетекшілері	15 қазан
11	«Күзгі асар» жәрмеңкесі: 1–4 кл – «Аманбысың, алтын күз» ертеңгіліктері 5–7 кл – қолөнер бұйымдарының көрмесі 8–11 кл – «Күзгі қарбалас» мерекелік кеші	Жәрмеңке / Мерекелік концерт	Муз. жетекшілері, сынып жетекшілері О.С. Қанатова, К.А. Козыбаева, Қ.С. Мейірбекова, М.П. Холина, К.А. Зикрина	16 қазан
12	Сынып сағаты: «Ел болашағы біздің құндылықтардан басталады» (1–11 кл)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдар	12 қазан
13	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы: «Бостандық пен жауапкершілік» дебаттары	Мектепішілік дебат	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	14 қазан
14	МӨҚБ жобасы: «Пайдалы ма, әлде зиян ба?» пайдалы және зиянды өнімдер туралы түсініктерді бекіту	Викторина	Қ.С. Мейірбекова, бастауыш сынып мұғалімдері	Қазан
15	«Менің қызығушылықтарым және болашақ мамандықтар»	Кәсіптік бағдарлау диагностикасы мен әңгімелесу	Д.Ж. Баймуратова	Қазан
16	АҚДОР жобасы: «Таным қуанышы: баланың рахаттана оқуына қалай көмектесуге болады»	Ата-аналар жиналысы, тренингтер	2-сынып жетекшілері М.П. Холина, В.А. Коренная, Г.Қ. Тоқтамысова	Қазан
17	Республика күніне арналған сынып сағаты: «25 қазан – Республика күні. Қазақстан – біздің ортақ құндылығымыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19 қазан

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
18	Республика күнін мерекелеуге арналған салтанатты саптық жиын	Жалпымектептік іс-шара	Муз. жетекшілері, сынып жетекшілері Д.И. Брайнингер, Н.Н. Минакова, Н.О. Кособокова, А.С. Дукенбаева, Г.С. Габбасова	22 қазан
19	«Балалар кітапханасы» жобасы: «Кітаптар айналымы» акциясы (Кітапханашылар күніне орай)	Жалпымектептік іс-шара	Кітапханашылар А.И. Рустенова, А.Е. Аманова	27.10–01.11.2026 ж.
20	АҚДОР жобасы: 1-тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Жеке әңгімелесулер / Жиналыс	Сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Қазан

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «Әділетті Қазақстан: адал азамат — озық ұлт» (1–11 кл) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	02 қараша
2	«Шабыт» жобасы: «Би өнері» музыкалық қойылымы	Музыкалық қойылым	И.Н. Сальникова, А.М. Қазияқбар	Қараша
3	Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 9–11 кл	6 қараша

4	Сынып сағаты: «Теңге — Қазақстанның қаржылық тәуелсіздігінің символы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	09 қараша
5	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы: Зияткерлік ойындар. Мектепішілік турнир	Зияткерлік ойындар	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	13 қараша
6	«Діни экстремизмнің алдын алу» профилактикалық жұмысы	Дөңгелек үстел	Тарих мұғалімі Е.С. Ертаев, 8–11 сынып жетекшілері	10 қараша
7	«ДосболLike» бағдарламасы: Сынып сағаты: «Жауапты таңдау — жауапты іс-әрекет» / «Өзіңді буллингтен қорға!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	16 қараша
8	«Smart bala» жобасы: «Startup» конкурсы	Конкурс	Информатика мұғалімдері, 5–7 сынып жетекшілері	Қараша
9	МӨҚБ жобасы: «Дұрыс тамақтану апталығы»	Көрме, суреттер конкурсы, СӨС мәзірі	Қ.С. Мейірбекова, медицина қызметкері Н.Е. Крайзер	Қараша
10	АҚДОР жобасы: «Әрбір бала — жарық жұлдыз»	Ата-аналар жиналысы, тренингтер	О.В. Вайс, К.А. Зикрина, Г.Қ. Тоқтамысова	19 қараша
11	Сынып сағаты: «Энергия үнемдеу — Қазақстан экологиясына қосқан үлес» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	23 қараша
12	«Балалар кітапханасы» жобасы: «Бұл кітаптарды сіздің әкелеріңіз бен аналарыңыз	Отбасылық оқу акциясы	Кітапханашылар А.И. Рустенова, А.Е.	Қараша

	оқыған!»		Аманова	

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «Табиғатты сақтайық — болашақты сақтайық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	30 қараша
2	«Қамқор» жобасы: «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы	Мектепте/сыныпта тазалықты қолдау акциясы	Т.Н. Чесенко, «Экология және еңбек» фракциясы	Желтоқсан
3	«Нашақорлықтың / УВВ алдын алу» профилактикалық жұмысы	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина	Желтоқсан
4	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	01–04 желтоқсан
5	Сынып сағаты: «Бірлік пен ынтымақ: халық күші – ауызбіршілік пен өзара құрметте» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	07 желтоқсан
6	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар	Жалпымектептік іс-шара	Муз. жетекшілері, сынып жетекшілері Т.М. Ұзақов, М.Е. Саруарова, Г.С. Ескендирова, О.В. Вайс	09–15.12.2026 ж.
7	«Оқу және мамандық: не таңдау керек?» (7–11	Тақырыптық сабақ	Д.Ж. Баймуратова, 9–11 сынып	Желтоқсан

	кл)		жетекшілері	
8	«Балалар кітапханасы» жобасы: «Сүйікті кітаптар беттеріндегі қыс!»	Әдеби кеш (5–6 кл)	Кітапханашы А.Е. Аманова	Желтоқсан
9	Сынып сағаты: «Менің мақтанышым — Тәуелсіз Қазақстан!» (Тәуелсіздік күніне орай) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	14 желтоқсан
10	МӨҚБ жобасы: «Тәрелкедегі витаминдер»	Интерактивті ойын (1–4 кл)	Қ.С. Мейірбекова, бастауыш сынып мұғалімдері	17 желтоқсан
11	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы: «Тәуелсіздік ұрпағы: ойлаймыз, пікірталасамыз, жасампаздық танытамыз»	Мектепішілік дебат	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	20 желтоқсан
12	«Ойынға салауатты көзқарас» профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру	Профилактикалық іс-шара (лудомания алдын алу)	К.Ю. Фомина, И.А. Ткаченко	15–19 желтоқсан
13	АҚДОР жобасы: «Жасөспірімнің темпераментіне сәйкес оның бірегейлігін қалай ашуға болады»	Ата-аналармен тренинг-сабақ	Г.С. Ескендирова, А.С. Дукенбаева, Қ.С. Мейірбекова	Желтоқсан
14	Сынып сағаты: «Жаңа жыл қайырымды әрі қауіпсіз істерден басталады»	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	21 желтоқсан
15	Сайын Мұратбековтің туғанына 90 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 5–7 кл	24 желтоқсан
16	Жаңа жылдық іс-шаралар «Жаңа жылдық қарбалас»: МДТ, 1–4 кл – ертеңгіліктер; 5–7 кл – карнавал;	Жалпымектептік іс-шара	Муз. жетекшілері, сынып жетекшілері О.С. Қанатова, И.В. Ганжа, Н.Н.	Кесте бойынша

	8–11 кл – бал-кеш		Минакова, А.М. Қазияқбар, А.С. Дукенбаева, В.А. Коренная	
17	АҚДОР жобасы: 2-тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысы	Сынып жетекшілері	Желтоқсан

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Каникул уақытында балалардың бос уақытын ұйымдастыру	Іс-шаралар жоспары	Қосымша білім беру педагогы И.В. Ганжа, 1–4 сынып жетекшілері	1–7 қаңтар
2	«ЕҢБЕГІ АДАЛ - ЖАС ӨРЕН» жобасы: «Мамандықтар марафоны» конкурсы. Жастар кәсіпкерлерімен кездесу	Конкурс - Кездесу (5–7 кл)	Д.Ж. Баймуратова	Қаңтар
3	Мұхтар Шахановтың туғанына 85 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 9–11 кл	Қаңтар
4	Сынып сағаты: «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	11 қаңтар
5	«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» жобасы: «Темірдей тәртіптің маңыздылығы»	Дебат-ойын	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	Қаңтар

6	«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» жобасы: «Кітаптар айналымы» акциясы	Акция	А.Е. Аманова	Қаңтар
7	Сынып сағаты: «Заң және тәртіп» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	18 қаңтар
8	МӨҚБ жобасы: «Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі»	Танымдық сағат	Н.Е. Крайзер, 1–11 сынып жетекшілері	Қаңтар
9	АҚДОР жобасы: «Балалармен шығармашылық сабақтардың тиімділігін арттыру». Шығармашылық тұлғаны дамытудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі	Ата-аналармен сабақ, тренингтер	К.А. Козыбаева, Н.О. Кособокова, А.М. Қазияқбар	Қаңтар
10	Сынып сағаты: «Әділдік жолы — адал жол» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	25 қаңтар
11	«Smart bala» жобасы: «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы	Конкурс (5–11 кл)	Информатика мұғалімдері, К.А. Козыбаева, Д.И. Брайнингер	Қаңтар

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Профилактикалық іс-шаралар жобасы: Сынып сағаты: «Жасампаздық және жаңашылдық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	01 ақпан
2	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы: «Болашақ	Дебат	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп	Ақпан

	мамандығы: таңдау кімде қалады?»		парламенті	
3	Ш. Уәлихановтың туғанына 190 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 9–11 кл	Ақпан
4	Сынып сағаты: «Заманауи мамандықтар: уақыт қандай жаңа мүмкіндіктер ашады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	08 ақпан
5	«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» жобасы: «Шын жүректен кітап сыйла!»	Челлендж	Кітапханашылар А.Е. Аманова, А.И. Рустенова	Ақпан
6	МӨҚБ жобасы: Сынып сағаты: «Жол жүрісі қауіпсіздігі». Жеке қауіпсіздік — «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғау керек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	15 ақпан
7	«Қауіпсіз қоғам» профилактикалық іс-шарасы	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина, мемлекеттік органдар	Ақпан
8	АҚДОР жобасы: «Жасөспірімнің интернетті пайдалануының негізгі мәселелері, салдары мен мүмкіндіктері»	Ата-аналармен сабақ, тренингтер	6-сынып жетекшілері Н.Н. Минакова, А.М. Аскарова, А.В. Ефимов, М.Е. Саруарова	Ақпан
9	«Алғыс айту күні – бірлік пен мейірімділік мерекесі»	Челлендж	Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	22 ақпан
10	Сынып сағаты: «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	22 ақпан

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
11	«Жаңа кітап сыйла!» челленджі	Челлендж	А.Е. Аманова, А.И. Рустенова	Ақпан
12	Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар	Жеке жоспар бойынша	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Л.Қ. Рахимберлина, К.Ю. Фомина, Қ.С. Мейірбекова	22–26 ақпан

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ПАТРИОТИЗМ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «1 наурыз — Алғыс айту күні. Алғыс жүректен шығады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	01 наурыз
2	«Шабыт» жобасы: «Ананың аялы алақаны» мерекелік концерті	Концерт	И.Н. Сальникова, А.А. Султанова, Д.И. Брайнингер, Т.Ю. Титовская, К.А. Козыбаева, О.В. Вайс, Н.М. Кригер	01–05 наурыз
3	Төлеген Айбергеновтің туғанына 90 жыл	Ауызша журнал	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, 9–11 кл	10 наурыз
4	Сынып сағаты: «Ана — отбасының тірегі, даналығы мен күші»	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	9 наурыз

5	Сынып сағаты: «Наурыз — жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	15 наурыз
6	МӨҚБ жобасы: «Пайдалы жеңіл тамақ (перекус)»	Аспаздық шеберлік сыныбы	Қ.С. Мейірбекова, 1–11 сынып жетекшілері	Наурыз
7	«Наурыз» мерекесі: 1–4 кл – ертеңгіліктер; 5–11 кл – «Қош келдің, әз Наурыз!» концерттік бағдарламасы	Бөлек жоспар бойынша іс-шаралар (#Адалазамат)	Л.Қ. Рахимберлина, К.Ю. Фомина, Қ.С. Мейірбекова, муз. жетекшілері, И.А. Шаймерденова, Ж.С. Жусупбекова, М.Е. Саруарова, Н.О. Кособокова, М.П. Холина, Г.Қ. Тоқтамысова	19 наурыз
8	Каникул кезіндегі жұмыс	Жеке жоспар бойынша	И.В. Ганжа, 1–11 сынып жетекшілері	20–29 наурыз
9	АҚДОР жобасы: «Жасөспірімнің проблемалық мінез-құлқының белгілері»	Ата-аналармен сабақ, тренингтер	7-сынып жетекшілері Ж.С. Жусупбекова, Т.Ю. Титовская, И.В. Ганжа	Наурыз
10	«ҚАМҚОР» жобасы: «Жер сағаты» экологиялық акциясы	Акция	Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	23–29 наурыз
11	3-тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысы	1–11 сынып жетекшілері	Наурыз

СӘУІР – ЕҢБЕККӨРЛІК ПЕН КӘСИБИЛІК АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «Біз таңдайтын кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	29 наурыз
2	Халықаралық балалар кітабы күні: «Кейіпкерді сипаттамасы / цитатасы бойынша таны»	Интерактивті ойын	А.Е. Аманова, А.И. Рустенова, 1–4 сынып жетекшілері	Сәуір
3	Ғабит Мүсіреповтің туғанына 125 жыл	Кітап көрмесі	А.Е. Аманова	01–05 сәуір
4	«Жыныстық тиіспеушілік» профилактикалық жұмысы	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина	Сәуір
5	Ғабит Мүсіреповтің туғанына 125 жыл	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі мұғалімдері Ж.С. Жусупбекова, А.А. Тулебаева	06 сәуір
6	7 сәуір – Бүкіләлемдік денсаулық күні: «Салауатты өмір салты - менің позициям» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	05 сәуір
7	«Өмірге салауатты қадам» профилактикалық іс-шарасы	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина	09 сәуір
8	АҚДОР жобасы: «Атадан – өсиет, анадан – қасиет»	Ата-аналарға арналған сабақ, тренингтер	8-сынып жетекшілері А.А. Тулебаева, Р.К. Габбасова	10 сәуір
9	Сынып сағаты: Космонавтика күні «Байқоңырдан бастау алған жол»	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	12 сәуір

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
10	«Ұшқыр ой алаңы» жобасын жүзеге асыру	Мектепішілік дебат	А.М. Китушина, Т.Н. Чесенко, Мектеп парламенті	15 сәуір
11	МӨҚБ жобасы: «Затбелгілерді оқимыз» (өнім құрамын оқу)	Тренинг	Қ.С. Мейірбекова, Н.Е. Крайзер	14 сәуір
12	«Қоғамдық мүлікті қорға!» профилактикалық іс-шарасы	Профилактикалық іс-шара (1–11 кл)	Тәрбие ісі орынбасарлары, сынып жетекшілері	16 сәуір
13	АҚДОР жобасы: «Жоғары сынып оқушыларымен нәзік тақырыпта қалай сөйлесуге болады»	Ата-аналармен сабақ, тренингтер	9-сынып жетекшілері О.С. Қанатова, Т.М. Ұзақов	Сәуір
14	Сынып сағаты: «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19 сәуір
15	«ҚАМҚОР» жобасы: Экочеллендж «Түлектердің ағаш егуі»	Челлендж	11А,Б сынып жетекшілері В.В. Савинова, А.М. Китушина	20–26 сәуір
16	Сынып сағаты: «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	26 сәуір
17	«Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесіне арналған іс-шаралар	Жалпымектептік іс-шара	Муз. жетекшілері, сынып жетекшілері А.А. Тулебаева, А.В. Ефимов, Г.С. Ескендирова, Г.С. Габбасова, А.К.	26–30 сәуір

Кикбаева

МАМЫР – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу түрі	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Сынып сағаты: «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	03 мамыр
2	«Шабыт» жобасы: «Жас Сақшы» әскери-патриоттық ән конкурсы (ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен)	Конкурс	АХӘТ Мұғалімі А.Ф. Китушин, Т.Ю. Титовская	06 мамыр
3	Сынып сағаты: «9 Мамыр — Жеңіс күні: халық ерлігін ұмытпаймыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (1–11 кл)	Сынып жетекшілері	10 мамыр
4	АҚДОР жобасы: Отбасы күніне орайластырылған апталық «Отбасылық дәстүрлер»	Конкурс, суреттер мен фотосуреттер көрмесі	10-сынып жетекшілері И.А. Шаймерденова, Д.И. Брайнингер	14 мамыр
5	«Шабыт» жобасы: «Көктем» музыкалық композициясы	Музыкалық қойылым	Муз. жетекшілері И.Н. Сальникова, А.А. Сураганова	Мамыр
6	Сынып сағаты: «Өзіңді буллингтен қорға!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	18 мамыр
7	«Қамқор» жобасы: Экологиялық сенбілік	Сенбілік	Ұжым, 5–11 сынып жетекшілері	Мамыр

8	МӨҚБ жобасы: «Жазға арналған менің мәзірім»	Шағын жобалар	Қ.С. Мейірбекова, Н.Е. Крайзер, 1–10 сынып жетекшілері	Мамыр
9	«Қауіпсіз қоғам» профилактикалық іс-шарасы	Профилактикалық іс-шара	К.Ю. Фомина, К.А. Зикрина, 9–10 сынып жетекшілері, мемлекеттік органдар	21 мамыр
10	Оқу жылының аяқталуына арналған іс-шара	Салтанатты саптық жиын	Тәрбие орынбасары Л.Қ. Рахимберлина, муз. жетекшілері, 11-сынып жетекшілері В.В. Савинова, А.М. Китушина	25 мамыр
11	Сыныптық ата-аналар жиналысы. Жазғы каникулға ТҚЕ және қауіпсіздік нұсқаулығы	Ата-аналар жиналысы	1–11 сынып жетекшілері	19–30 мамыр
12	Сынып сағаты: «Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1–11 сынып жетекшілері	24 мамыр